

# "ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

---

---

"Қазақстан қор биржасы" АҚ  
Биржалық кеңесінің шешімімен  
(2013 жылдың 02 сәуіріндегі  
№ 7 отырыс хаттамасы)  
**б е к і т і л д і**

2013 жылдың 03 сәуірінен бастап  
**қолданысқа енгізілді**

## Биржалық кеңестің комитеттері туралы **ҚАҒИДА**

---

---

Алматы қ.

2013

## **ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ**

**1. № 1 толықтыру:**

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен (Биржалық кеңестің 2014 жылдың 06 наурызындағы № 11 сырттай дауыс беру хаттамасы) бекітілді;
- 2017 жылдың 07 наурызынан бастап қолданысқа енгізілді.

**2. № 2 өзгертулер мен толықтырулар:**

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен (2014 жылдың 10 шілдесіндегі № 26 отырыс хаттамасы) бекітілді;
- 2014 жылдың 11 шілдесінен бастап қолданысқа енгізілді.

Осы Қағида Қазақстан Республикасы заңнамасына, "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі - Биржа) жарғысына сәйкес әзірленіп, Биржалық кеңестің комитеттерін құру тәртібін, сондай-ақ олардың мақсаттары мен құзіреттілігін анықтайды.

## 1 тарау. КОМИТЕТТЕРДІ ҚҰРУ ЖӘНЕ ЖҰМЫС ТӘРТІБІ

### 1 бап. Жалпы қағидалар

1. Қазақстан Республикасының "Акционерлік қоғамдар туралы" заңының 53-1 бабының 1 тармағына сәйкес, осы акционерлік қоғамының ең маңызды мәселелерін қарау және нұсқаулар әзірлеу мақсатында, осы қоғамның директорлар кеңесінің комитеттері құрылады.
2. Биржа жарғысының 13 бабының 12 тармағына сәйкес, Биржалық кеңестің қарауына шығарылатын мәселелер бойынша нұсқауларды әзірлеу үшін, Биржалық кеңес тұрақты және уақытша комитеттер мен комиссияларды құруға құқылы.
3. Биржалық кеңесмынадай Биржалық кеңес комитеттерін құрады:
  - 1) Биржалық кеңестің бюджет және стратегиялық жоспарлау жөніндегі Комитеті (бұдан әрі – Стратегия жөніндегі Комитет);
  - 2) Биржалық кеңестің ішкі аудит бойынша Комитеті (бұдан әрі – аудит бойынша Комитеті);
  - 3) Биржалық кеңестің мамандар және сыйақылар және әлеуметтік сұрақтар жөніндегі Комитеті (бұдан әрі – мамандар жөніндегі Комитеті) *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2014 жылдың 10 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген);*
  - 4) *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2014 жылдың 10 шілдесіндегі шешімімен алып тасталған).*
4. Қазақстан Республикасының заңнамасында және Биржаның ішкі құжаттарында, осы баптың 3 тармағында аталғаннан басқа, Биржалық кеңестің өзге де комитеттерін құру қарастырылуы ықтимал.
5. Биржалық кеңестің Комитеті (бұдан әрі – комитет) Биржалық кеңеске бағынып, соған есеп береді.  
*(осы тармақша Биржалық кеңестің 2014 жылдың 10 шілдесіндегі шешімімен алып тасталған).*  
Биржалық кеңес кез келген уақытта комитеттен оның ағымдағы қызметі туралы есеп талап етуге құқылы. Биржалық кеңестің қарауына есепті ұсыну мерзімі Биржалық кеңестің шешімімен белгіленеді.
6. Комитеттер өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, Биржаның жарғысын, Биржаның Корпоративтік басқару Кодексін<sup>1</sup> және Биржаның өзге де ішкі құжаттарын, Биржалық кеңес шешімдерін, сондай-ақ осы Қағиданы басшылыққа алады.
7. Басқарма, корпоративтік хатшы, Биржаның құраламдақ бөлімшелері комитеттерге өз құзіреттілігі шегіндегі сұрақтар бойынша көмек көрсетуге міндетті.
8. Комитет мүшелеріне, Биржа акционерлерінің жалпы жиналысының шешімдерімен және/немесе Биржа акционерлерінің жалпы жиналысының

---

<sup>1</sup> Биржа акционерлерінің 2008 жылдың 17 қаңтарында болып өткен кезектен тыс жалпы жиналысының шешімімен ( 14 хаттама) бекітілген, "Қазақстан қор биржасы" АҚ Корпоративтік басқару кодексі.

шешімдерімен бекітілген, Биржаның ішкі құжаттарында тура қарастырылған жағдайларды қоспағанда, сыйақы төленбейді.

**2 бап. Комитеттердің құрамы**

1. Комитет мүшелері Биржалық кеңестің шешімімен сайланады.
  2. Қазақстан Республикасының "Акционерлік қоғамдар туралы" заңының 53-1 бабының 2 тармағына сәйкес, акционерлік қоғамның директорлар кеңесінің комитеттері осы қоғамның директорлар кеңесінің мүшелерінен және, нақты комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімдері бар, сарапшылардан құралады.
  3. Комитетте жұмыс істеу үшін, Биржалық кеңес мүшелері мен сарапшылардан өзге, дауыс беру құқығы жоқ тұлғалар, соның ішінде Басқарма мүшелері және Биржаның басқа да қызметкерлері де тартылуы мүмкін.
  4. Бір тұлға бірнеше комитеттің мүшесі болып сайлануы мүмкін.  
Биржалық кеңес комитеттерді тек өз мүшелері арасынан ғана қалыптастыруға құқылы.
  5. Комитеттің құрамына Биржалық кеңестің кемінше үш мүшесі кіруі тиіс.
- 5-1. Комитеттердің сандық құрамы:
- 1) Стратегия жөніндегі комитет – сегіз адам;
  - 2) Аудит бойынша комитет – төрт адам;
  - 3) кадрлар бойынша комитет – бес адам;
- (Осы тармақ Биржалық кеңестің 2014 жылдың 06 наурызындағы шешімімен енгізілген және Биржалық кеңестің 2014 жылдың 10 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген).*
6. Комитеттің құрамына сайланған тұлғалар, шектеусіз сан рет қайта сайлануы мүмкін.
  7. Биржалық кеңес өз мүшелері арасынан комитеттер төрағаларын және, олардың болмаған немесе мүдделер шиеленісі туындаған кезінде орнын басуға құқылы, тұлғаларды (Қазақстан Республикасының "Акционерлік қоғамдар туралы" заңының 53-1 бабы 2 тармағының екінші және үшінші абзацтарында белгіленген нормаларды ескере отырып)<sup>2)</sup> сайлайды.

**3 бап. Комитет мүшесінің міндеттері, құқықтары және жауапкершілігі**

1. Комитет мүшесіне қатысты, Биржаның ішкі құжаттарында белгіленген, талаптарды орындауға міндетті және комитет мүшесі ретінде қызметін жүзеге асыруға қажетті тиісті уақытын бөлуі тиіс.
2. Комитет мүшесі:
  - 1) өзінің негізгі мақсаттарына сәйкес және құзіреттілігі шегіндегі сұрақтарды комитетпен қарауын бастамалауға;

---

<sup>2)</sup> Қазақстан Республикасының "Акционерлік қоғамдар туралы" заңының 53-1 бабы 2 тармағының екінші абзацына сәйкес, акционерлік қоғамның директорлар кеңесі комитетінің төрағасы Қазақстан Республикасының "Акционерлік қоғамдар туралы" заңының 53-1 бабы 1 тармағының 1)-4) тармақшаларында белгіленгендер арасынан тек акционерлік қоғамның тәуелсіз директоры бола алады. Аталмыш тармақтың үшінші абзацына сәйкес, акционерлік қоғамның атқарушы органының жетекшісі осы қоғамның директорлар кеңесі комитетінің төрағасы бола алмайды.

- 2) комитеттің қарауындағы сұрақ бойынша толық көлемдегі, негізделген пікірін қалыптастыруға қажетті және жеткілікті көлемде (осы Қағиданың 7 бабының 6 тармағында белгіленген шектеулерді ескере отырып) ақпараттар алуға;
  - 3) комитеттің қарауындағы сұрақ бойынша өзінің айрықша пікірін (осы Қағиданың 7 бабының 12 тармағында белгіленген тәртіпте) білдіруге;
  - 4) комитет отырыстарының хаттамаларымен танысуға құқылы.
3. Комитет мүшесі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Биржа алдында және оның акционерлерінің жалпы жиналысы алдында өзінің әрекеттерімен (әрекетсіздігімен) Биржаға тигізген залалы, соның ішінде осы комитет мүшесінің комитеттің басқа мүшелеріне отырыс шақыртқанда, дайындағанда және өткізгенде ұсынған қателестіретін немесе әдейі жалған ақпараттары салдарынан болған шығындары үшін жауапты болады.

**4 бап.**

**Комитеттің өкілеттілік мерзімі. Комитет мүшесінің өкілеттілік мерзімі.  
Комитет мүшесінің өкілеттілігін тоқтату**

1. Комитеттің немесе жеке комитет мүшесінің өкілеттілік мерзімі Биржалық кеңестің шешімімен (осы тармақтың екінші және үшінші абзацында белгіленген ерекшеліктерді ескеріп) белгіленеді.

Биржалық кеңес белгілейтін комитеттің немесе жеке комитет мүшесінің өкілеттілігінің мерзімі Биржалық кеңестің өкілеттілік мерзімінен асуы мүмкін емес.

Егер Биржалық кеңес комитеттің немесе жеке комитет мүшесінің өкілеттілік мерзімін белгілемеген жағдайда, онда өкілеттілік Биржалық кеңестің өкілеттілік мерзімімен бірге аяқталады.

2. Биржалық кеңес кез келген уақытта комитеттің барлық немесе жеке мүшесінің өкілеттілігін, кез келген себеппен немесе себептерін көрсетпей, тоқтатуға құқылы.
3. Комитет мүшесі дербес түрде өз өкілеттілігін, Биржалық кеңеске жазбаша забарлап, тоқтатуды бастамалауға құқылы.
4. Жеке комитет мүшесінің өкілеттілігі мынадай жағдайларда:
  - 1) (егер Биржалық кеңес осы комитет мүшесінің өкілеттілік мерзімін белгілесе), осы жеке комитет мүшесінің өкілеттілік мерзімі аяқталғанда;
  - 2) (егер осы комитет мүшесі Биржалық кеңестің мүшесі болса) осы комитет мүшесінің Биржалық кеңес мүшесі ретінде өкілеттілігін тоқтатумен бірге;
  - 3) (егер осы комитет мүшесі дербес түрде өз өкілеттілік мерзімін тоқтатуды бастамаласа) Биржалық кеңес осы комитет мүшесінен өкілеттілік мерзімін тоқтату туралы жазбаша хабарламасын алған сәттен бастап (осы баптың 5 тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескеріп);
  - 4) (егер Биржалық кеңес осы комитет мүшесінің өкілеттілігін тоқтату туралы шешім қабылдаса) осындай шешіммен белгіленген сәттен бастап, немесе – егер Биржалық кеңес бұл сәтті белгілемесе – осындай шешім қабылданған сәттен бастап тоқтатылады.

5. Биржалық кеңестің қандай да бір комитет мүшесінен оның өкілеттілік мерзімін тоқтату туралы жазбаша хабарламасын алған сәті деп, Биржаның корпоративтік хатшысы электрондық пошта арқылы Биржалық кеңес мүшелеріне тиісті хабарламасын жөнелту сәті (пошталық сервердің есептік жазбасына сәйкес) болып саналады.
6. Жеке комитет мүшесінің өкілеттілік мерзімі аяқталған жағдайда Биржалық кеңес осындай өкілеттілік тоқтату сәтінен бастап отыз күнтізбелік күн аралығында осы комитеттің жаңа мүшесін сайлайды.

**5 бап.**

**Комитет төрағасы**

1. Комитет төрағасы мынадай функцияларды атқарады:
  - 1) комитеттің жұмысын ұйымдастырады;
  - 2) комитет мүшелерінің ұсыныстарын ескере отырып, комитет отырысының күн тәртібін қалыптастырады, комитет отырыс шақыртады (осы Қағиданың 7 бабының 3 тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып);
  - 3) комитет отырысының күнін, уақытын және орнын (мүшелерінің ұсыныстары ескере отырып) анықтайды;
  - 4) комитет отырысына, шақырумен келетін, қатысуы қажетті немесе қатысқаны дұрыс тұлғаларды (осы Қағиданың 7 бабының 3 тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып) анықтайды;
  - 5) комитет отырыстарында төрағалық етеді;
  - 6) комитет отырысының хаттамасын жүргізуді ұйымдастырады;
  - 7) Биржалық кеңестің отырыстарында оның атынан шешімдерін жариялайды;
  - 8) комитеттің құзіреттілігі шегінде, оның жұмысын ұйымдастыру мақсатында, өзге де функцияларды атқарады.
2. Комитеттің өзге де мүшелерімен салыстырғанда комитет төрағасының, осы баптың 1 тармағынан туындайтын өкілеттіліктерінен басқа, қандай да бір қосымша өкілеттіліктері және артықшылықтары болмайды.

Комитет төрағасының комитеттің өзге де мүшелеріне қатысты қандай да бір өкім берушілік өкілеттіліктері жоқ.
3. Комитет төрағасы болмаған кезде немесе мүдделер шиеленісі орын алған жағдайда, оның функцияларын, Биржалық кеңестің шешімімен ол болмаған кезде немесе мүдделер шиеленісі болған жағдайда оның орнын басуға құқылы тұлға ретінде сайланған, комитет мүшесі атқарады.

**6 бап.**

**Комитет хатшысы**

1. Комитет хатшысы Биржаның корпоративтік хатшысы болып табылады.
2. Биржаның корпоративтік хатшысы болмаған жағдайда оның функцияларын, Биржалық кеңеспен осы мақсатта сайланған, Биржаның қызметкері атқарады.
3. Комитет хатшысы мынадай функцияларды атқарады:
  - 1) комитет отырысы өткізілетіні туралы комитет мүшелеріне және осы отырысқа қатысуға құқылы немесе қатысуы міндетті тұлғаларға хабарлайды;

- 2) Биржа Басқармасымен комитет отырысын өткізуге қажетті материалдарды қалыптастыру бойынша өзара әрекеттестікті ұйымдастырады;
- 3) комитет отырысы хатшысының функцияларын атқарады, соның ішінде:  
отырыс кворумының есебін жүргізеді;  
комитет мүшелерінің дауысына салынған шешімдер бойынша комитет мүшелерінің дауыстарын санайды және дауысқа салудың қорытындысын шығарады;  
отырыс хаттамасын жүргізеді;
- 4) комитет отырыстарының түпнұсқаларын, сондай-ақ, комитет отырысының күн тәртібінің сұрақтары бойынша материалдардың бақылау данасын сақтайды;
- 5) осыған өкілденген тұлғалардың сауалдары бойынша комитет отырыстары хаттамаларының үзінді көшірмелерін дайындайды;
- 6) осы Қағидаға және Биржалық кеңестің шешімдеріне сәйкес өзге де функцияларды атқарады.

**7 бап. Комитет отырысы**

1. Комитет өзінің кезекті отырыстарын тоқсанда бір рет, ал кезектен тыс отырыстарын – қажеттілігіне қарай өткізеді.  
Комитет отырыстары тек көзбе-көз тәртіпте өткізіледі.
2. Комитет отырысын комитет төрағасы (немесе ол болмаған кезде немесе мүдделер қайшылығы болған жағдайда оның орнын басуға құқылы тұлға) өз бастамасымен немесе:
  - 1) Биржалық кеңестің;
  - 2) кез келген комитет мүшесінің;
  - 3) Биржа Президентінің немесе оның орнын басатын тұлғаның бастамасымен шақыртады.
3. Егер комитет төрағасы (немесе ол болмаған кезде немесе мүдделер қайшылығы болған жағдайда оның орнын басуға құқылы тұлға) комитет мүшесінің немесе Биржа Президентінің (Биржа Президентінің орнын басатын, тұлғаның) талабымен комитет отырысын шақыртудан бас тартқан жағдайда комитет мүшесі немесе Биржа Президенті (Биржа Президентінің орнын басатын, тұлға) осы талаппен Биржалық кеңеске жүгінуге құқылы, соңғысы комитет отырысын шақыртады.  
Комитет мүшесінің немесе Биржа Президентінің (Биржа Президентінің орнын басатын, тұлғаның) талабымен шақыртылған комитет отырысына осы комитет мүшесі немесе Биржа Президенті (Биржа Президентінің орнын басатын, тұлға) міндетті түрде шақыртылады.
4. Комитет отырыс өткізілетіні туралы хабарлама комитет мүшелеріне электронды түрде (құжаттың өзгертуіне мүмкіндік бермейтін, кең тараған бағдарламалық қамтуымен) форматта, осы отырыс өткізілер алдында кемінде үш күн бұрын электрондық пошта арқылы комитет хатшысының электрондық мекен-жайынан жолданады.
5. Комитет отырысының күн тәртібіндегі сұрақтар бойынша материалдар комитет мүшелеріне электрондық түрде ұсынылады (құжаттың өзгертуіне мүмкіндік бермейтін, кең тараған бағдарламалық қамтуымен форматта, осы отырыс өткізілер алдында кемінде үш күн бұрын электрондық пошта арқылы комитет хатшысының электрондық мекен-жайынан жән/немесе Биржаның интернет-сайтында ашылған арнайы бетте орналастыру арқылы

ұсынылады. Бұл ретте, Биржа Басқармасы аталған материалдарға комитет мүшелерінің, сондай-ақ комитет отырысына қатысуға ниет білдірген Биржалық кеңестің басқа да мүшелерінің, еркін қолжетімділігін қамтамасыз ету бойынша тиісті шаралар қолдануы тиіс).

Объективті себептер болған жағдайда комитет отырысының күн тәртібіндегі кейбір сұрақтар бойынша материалдар осы тармақтың бірінші абзацында белгіленген мерзімнен кешірек ұсынылуы мүмкін. Бұл ретте, мұндай сұрақтарды қарау, осы отырысқа қатысатын, комитет мүшелерінің қарапайым көпшілігінің келісімімен ғана жүзеге асырылады.

6. Комитет отырысын шақырту, дайындау және өткізу кезінде кейбір комитет мүшелеріне іріктеп ақпарат ұсынуға (осы отырысқа шақыртқанды және дайындағанда) немесе осы отырыстың кейбір қатысушыларына іріктеп ақпарат ұсынуға (отырыс өткізгенде) тыйым салынады.
7. Комитеттің қарауына шығарылған сұрақтарды қарап олар бойынша шешім қабылдауға тек комитет отырысына оның мүшелерінің жартысынан көбі, соның ішінде, комитет төрағасы немесе, ол болмаған кезде немесе мүдделер қайшылығы болған жағдайда оның орнын басуға құқылы тұлға қатысқанда ғана құқылы.

Комитет мүшесі көзбе-көз қатысуға мүмкіншілігі болмаған жағдайда, осы комитет мүшесінің дауыс зорайтқыш видео- немесе телефон байланыс арқылы қатысуына рұқсат беріледі. Бұл ретте, осы отырыс хаттамасында, осы комитет мүшесінің бұл отырысқа қатысуы үшін қолданылған байланыс түрі көрсетіледі.

8. Комитет отырысын осы отырыстың төрағасы – комитет төрағасы немесе, ол болмаған кезде немесе мүдделер қайшылығы болған жағдайда оның орнын басуға құқылы тұлға жүргізеді.
9. Комитет шешімдері комитеттің көзбе-көз отырысн өткізусіз қабылдауға тыйым салынады.
10. Комитеттердің бірлескен отырыстарын өткізуге рұқсат етіледі.
11. Әр комитет мүшесі бір дауысқа ие.

Комитет шешімдері, отырысқа қатысып отырған, комитет мүшелерінің қарапайым көпшілігімен қабылданады.

12. Егер комитет мүшесі комитет отырысында қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда, оның айрықша пікірі отырыс хаттамасында көрсетілуін талап етуге құқылы, бұл жағдайда:
  - 1) комитет мүшесі өзінің айрықша пікірін жазбаша құжат түрінде рәсімдеп, қол қояды;
  - 2) комитет мүшесінің айрықша пікірі комитет отырысының төрағасына және комитет хатшысына түпнұсқа күйінде, факсимильді хабарлама немесе сканерленген нұсқа ретінде (электрондық пошта арқылы) жолданады;
  - 3) комитет мүшесінің комитет отырысының төрағасына және комитет хатшысына осы тармақтың 2) тармақшасына сәйкес жолдаған айрықша пікірі комитет отырысының төрағасы және комитет хатшысы осы отырыс өткеннен кейін екі жұмыс күннен кешіктірмей алуы тиіс;
  - 4) комитет мүшесінің айрықша пікірі комитет отырысының хаттамасына тиісті жазбамен белгіленіп, осы хаттаманың міндетті ажырамас қосымшасы ретінде рәсімделуі тиіс;
  - 5) комитет мүшесінің факсимильді хабарлама немесе сканерленген нұсқасы ретінде ұсынылған айрықша пікірінің түпнұсқасы, көп кешіктірмей, қосымша комитет хатшысына пошта арқылы, шабарманмен немесе жеке кездескенде ұсынуы тиіс.



**8 бап. Комитет отырысының хаттамасы**

1. Комитеттің шешімдері отырыс хаттамасымен рәсімделіп, осы отырыс өткеннен кейін екі жұмыс күн аралығында құрастырылып, комитет хатшысының электрондық мекен-жайынан, осы отырысқа қатысқан комитет мүшелеріне, келісу үшін ұсынылады.

Отырыс хаттамасын келісу үшін алған, комитет мүшесі, хаттаманы алған күннен кейін екі жұмыс күн аралығында отырыс хатшысына өзінің осы хаттамаға жазбаша және/немесе ауызша ескертулері мен ұсыныстарын ұсынуы тиіс. Егер аталған мерзімде отырыс хатшысы комитет мүшесінен ескертулер мен ұсыныстар алмаса, мұндай ескертулер мен ұсыныстар жоқ деп саналып, ал отырыс хатшысының ұсынған бұл хаттамасы осы комитет мүшесімен келісілді деп мойындалады.

Комитет мүшесінің осы отырыс хаттамасына ескертулері мен ұсыныстары болып, осы ескертулер мен ұсыныстарға сәйкес бұл хаттама қосымша өңделуге жатады, ал мұндай ескертулер мен ұсыныстар бұл хаттаманың мазмұнын айтарлықтай өзгертетін болса, – посы тармақтың екінші абзацында белгіленген тәртіпте, осы отырысқа қатысқан комитет мүшелерінің мақұлдауына қайта жолданады.

Комитет отырысының хаттамасына осы отырыстың төрағасы мен комитет хатшысы қол қояды.

Қол қойылған хаттаманың сканерленген нұсқасы Биржаның интернет-сайтының арнайы жасырын бетінде орналастырылып, осындай орналастыру туралы электрондық пошта арқылы комитет мүшелеріне хабарланады.

2. Комитет отырысының хаттамасында мынадай мәліметтер болуы тиіс:
  - 1) отырыс өткен күні, уақыты және орны;
  - 2) отырысқа қатысқан комитет мүшелері және отырысқа қатысқан басқа тұлғалар туралы мәліметтер;
  - 3) отырыстың күн тәртібі;
  - 4) комитет мүшелеріне дауысқа қойылған, комитет шешімдерінің тұжырымдамаларына ықпал еткен, сөз алулар мен талқылау нәтижелерінің қысқаша мазмұндамалары;
  - 5) комитет мүшелеріне дауысқа қойылған, комитет шешімдерінің тұжырымдамалары;
  - 6) отырысқа қатысқан, комитет мүшелерінің дауысқа салу нәтижелері;
  - 7) комитеттің күн тәртібінің сұрақтары бойынша қабылдаған шешімдері;
  - 8) комитет мүшелерінің шешімі бойынша басқа да мәліметтер.

**2 тарау. КОМИТЕТТЕРДІҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТТАРЫМЕН ҚҰЗІРЕТТІЛІГІ**

**9 бап. Комитеттердің негізгі мақсаттары**

1. Стратегия жөніндегі комитеттің негізгі мақсаттары болып табылады:
  - 1) Биржалық кеңеске Биржа қызметінің басымды бағыттарының сұрақтары бойынша шешім қабылдау үшін нұсқауларды дайындау және ұсыну;
  - 2) Биржа қызметі және Биржаның негізгі (жарғылық) қызметіне ағымдағы бақылау мәселелері бойынша Биржа Басқармасымен оперативтік өзара әрекеттестік;

- 3) Биржаға қатысты бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын, мемлекеттік органдармен оперативтік өзара әрекеттестік;
2. Аудит жөніндегі комитеттің негізгі мақсаттары болып табылады:
  - 1) Биржалық кеңеске бухгалтерлік есеп, қаржылық есеп берушілік және аудит, ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелері бойынша шешім қабылдау үшін нұсқауларды дайындау және ұсыну;
  - 2) Биржа Басқармасымен оның қызметінің мәні бойынша бухгалтерлік есеп, қаржылық есеп берушілік және аудит, ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелері бойынша оперативтік өзара әрекеттестік;
  - 3) Ішкі аудит қызметімен өзара әрекеттестік және оның ағымдағы қызметіне бақылау жасау;
  - 4) Биржаның аудиторлық ұйымдарымен оперативтік өзара әрекеттестік.
3. Мамандар жөніндегі комитеттің негізгі мақсаттары болып табылады:
  - 1) Биржалық кеңеске Биржа Басқармасын қалыптастыру, Биржалық кеңестің өкілеттілігі шегінде Биржаның басқа да қызметкерлерін (ішкі аудит қызметінің жетекшісі мен қызметкерлерін қоспағанда) лауазымдарға тағайындау және босату, Биржалық кеңестің өкілеттілігі шегінде Биржа Басқармасының мүшелеріне еңбекақы төлеу және сыйақы беру шарттары, сондай-ақ Биржалық кеңес және оның комитеттері мүшелеріне сыйақылар төлеу сұрақтары бойынша шешім қабылдау үшін нұсқауларды дайындау және ұсыну;
  - 2) Биржа Басқармасымен Биржаның мамандар бойынша саясаты, Биржа қызметкерлерінің еңбегін бағалау және еңбекақы төлеу жүйесі мәселелері бойынша оперативтік өзара әрекеттестік.
  - 3) Биржадағы корпоративтік басқару аясында мүдделер қайшылығына қатысты, Биржа қызметкерлерінің Биржаның миссиясын және оның құндылықтарын елемеушілік, Биржа қызметкерлерінің корпоративтік ұстанымдарды және корпоративтік тәртіптің ережелерін орындамауы, Биржаның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің іскерлік тәртіп пен іскерлік этиканы бұзушылықтары жөніндегі жүгінулер бойынша түрлі тұлғалармен оперативтік өзара әрекеттестік;
  - 4) Биржа қызметінің мәні шеңберінен тыс, Биржаның көмегі немесе Биржаның қолдауына қатысты жүгінген түрлі тұлғалармен оперативтік өзара әрекеттестік.

*(Осы тармақ Биржалық кеңестің 2014 жылдың 10 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген).*

4. *(Осы тармақ Биржалық кеңестің 2014 жылдың 10 шілдесіндегі шешімімен алып тасталған).*

## 10 бап.

### Биржалық кеңес комитеттерінің құзіреттілігі

1. Стратегия жөніндегі Комитеттің құзіреттілігіне, оның негізгі мақсаттарына сәйкес кез келген сұрақтар, соның ішінде, бірақ тек осылар ғана емесе:
  - 1) Биржалық кеңестің қарауына жататын, Биржаның жоспарлық құжаттарын алдын ала қарау, соның ішінде:

Биржаның даму стратегиялары (стратегиялық жоспарлары), сондай-ақ лсы стратегияларға (стратегиялық жоспарларға) енгізілетін өзгертулер және/немесе толықтырулар;

Биржаның негізгі жұмыстарының жоспарлары, сондай-ақ осы жоспарларға енгізілетін өзгертулер және/немесе толықтырулар;

- Биржаның жылдық бюджеттері, сондай-ақ осы бюджеттерге енгізілетін өзгертулер және/немесе толықтырулар;
- 2) Биржалық кеңестің қарауына жататын, Биржаның есеп берушілік құжаттарын алдын ала қарау, соның ішінде:

Биржа дамуының стратегияларының (стратегиялық жоспарларының) орындалуы туралы есеп берушіліктер;

Биржаның негізгі жұмыстар жоспарының орындалуы туралы есеп берушіліктер;

Биржаның жылдық бюджеттерін орындау туралы есеп берушіліктер;
  - 3) Биржалық кеңестің бекітуіне жататын және Комитет қызметінің мәніне қатынасты, Биржаның ішкі құжаттарын мақұлдау, сондай-ақ осындай құжаттарға енгізілетін өзгертулер және/немесе толықтырулар;
  - 4) Биржа қызметінің приоритеттік бағыттары мәселесі бойынша аралық шешімдер қабылдау (Биржа Басқармасы қандай да бір маңызды шешімдерді қабылдау бойынша өзіне жауапкершілік алуды мүмкін емесе немесе тиімді емес, ал Биржалық кеңестің олсындай шешімдерді қабылдау Биржа тарапынан алдын ала әрекеттер етуді талап етсе).
2. Аудит жөніндегі Комитеттің құзіреттілігіне, оның негізгі мақсаттарына сәйкес келетін, кез келген сұрақтар, соның ішінде, бірақ тек олар ғана емесе:
- 1) Биржалық кеңестің және/немесе Биржа акционерлерінің жалпы жиналысының қарауына жататын қаржылық есеп берушілігін мақұлдау;
  - 2) Биржаның аудиторлық ұйымын анықтау және аустыру, Биржаның аудиторлық ұйымының қызметтеріне төлеу сұрақтары бойынша Биржалық кеңеске ұсыныстар дайындау;
  - 3) Биржалық кеңестің жұмыс органы ретінде:

Ішкі аудит қызметінің жұмысын және осы жұмысты жетілдіру бойынша іс-шараларды бағалау;

Биржадағы ішкі бақылау жүйелерін және осы жүйелерді жетілдіру бойынша іс-шараларды бағалау;
  - 4) Биржалық кеңестің қарауына жататын және бухгалтерлік есеп берушілік, қаржылық есеп берушілік және аудит, Биржаның ішкі бақылау жүйелері, Ішкі аудит қызметінің жұмысы сұрақтарына қатысты, Биржаның ішкі құжаттарын мақұлдау, сондай-ақ осындай құжаттарға енгізілетін өзгертулер және/немесе толықтырулар;
  - 5) Биржалық кеңеске Ішкі аудит қызметінің құрамы, өкілеттілік мерзімі туралы, оның жетекшісін және басқа да қызметкерлерін тағайындау, олардың өкілеттіліктерін мерзімнен бұрын тоқтату, Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібі туралы ұсыныстар дайындау;
  - 6) (Мамандар жөніндегі Комитетпен бірлесе отырып) Биржалық кеңеске Ішкі аудит қызметінің қызметкерлеріне еңбекақы және сыйақы төлеу мөлшері мен шарттары, Ішкі аудит қызметінің қызметкерлеріне қойылатын біліктілік талаптары;
  - 7) Биржалық кеңестің бекітуіне жататын, Ішкі аудит қызметінің жоспарлық құжаттарын алдын ала қарау;
  - 8) Биржалық кеңестің қарауына жатпайтын, Ішкі аудит қызметінің есеп берушілік құжаттарын қарау:

аудиторлық тексеру нәтижелері бойынша есептер (анықтамадлар);

Ішкі аудит қызметінің тоқсандық есеп берушіліктері;

- 9) Биржалық кеңестің қарауына жататын, Ішкі аудит қызметінің есеп берушілік құжаттарын алдын ала қарау.
3. Мамандар жөніндегі Комитеттің құзіреттілігіне, оның негізгі мақсаттарына сәйкес, кез келген сұрақтар жатады, соның ішінде, бірақ тек осылар ғана емес:
    - 1) Биржалық кеңестің өкілеттілік аясындағы, Биржаның жетекші қызметкерлеріне және Биржа қызметкерлеріне қойылатын біліктілік талаптары бойынша Биржалық кеңеске ұсыныстар дайындау (Ішкі аудит қызметінің қызметтеріне қатысты – Аудит жөніндегі Комитпен бірлесе отырып);
    - 2) Биржалық кеңестің өкілеттілік аясындағы, Биржа Басқармасын қалыптастыру, Биржа қызметкерлерінің өзге де қызметкерлерін (Ішкі аудит қызметінің жетекшісі мен Ішкі аудит қызметінің басқа да қызметкерлерінен басқа) тағайындау және қызметтен босату бойынша ұсыныстар дайындау;
    - 3) Биржалық кеңестің өкілеттілік аясындағы, Биржа Басқармасы мүшелеріне және Биржаның басқа да қызметкерлеріне еңбекақы және сыйақы мөлшері мен шарттарын анықтау бойынша Биржалық кеңеске ұсыныстар дайындау (Ішкі аудит қызметінің қызметтеріне қатысты – Аудит жөніндегі Комитпен бірлесе отырып);
    - 4) Биржалық кеңестің жұмыс органы ретінде:

Биржаның мамандар бойынша саясатын (соның ішінде қызметкерлердің білікті құрамын қалыптастыру бөлігінде, мамандық тәуекелдерді төмендету, сондай-ақ мамандар қоры жүйесінің бар болуы, қызметкерлердің оқулары мен біліктілігін жоғарылату) және осы жүйені жетілдіру бойынша іс-шараларды бағалау;

Биржа қызметкерлерінің еңбегін бағалау және еңбекақы төлеу (соның ішінде Биржаның даму стратегияларын (стратегиялық жоспарларын) іске асырумен, негізгі жұмыстарды атқарумен, Биржаның жылдық бюджеттерін орындаумен байланыстырылған, өнімді және сапалы еңбегін материалды ынталандыру жүйесінің бар болуы бөлігінде) және осы жүйені жетілдіру бойынша іс-шараларды бағалау;

Биржа қызметкеріне әлеуметтік қолдау көрсету жүйесін бағалау және Биржадағы корпоративтік басқару аясында мүдделер қайшылықтарын шешу, Биржадағы еңбек қорғау және қауіпсіздік техникасы жүйелерін және осы жүйелерді жетілдіру бойынша іс-шараларды бағалау *(осы абзац Биржалық кеңестің 2014 жылдың 10 шідесіндегі шешімімен енгізілген)*;

Іскерлік тәртіп және іскерлік этиканың практикасы және осы практиканы жетілдіру бойынша қолданылған іс-шараларды бағалау *(осы абзац Биржалық кеңестің 2014 жылдың 10 шідесіндегі шешімімен енгізілген)*;
    - 5) Биржалық кеңестің бекітуіне жататын және Биржаның мамандар жөніндегі саясаты, Биржа қызметкерлерінің еңбегін бағалау және еңбекақы төлеу жүйесі, әлеуметтік сұрақтар, Биржадағы корпоративтік басқару мәсеклелері және корпоративтік басқару аясындағы мүдделер қайшылығын шешу сұрақтары, іскерлік тәртіп пен іскерлік этика, Биржадағы еңбек қорғау және қауіпсіздік техникасы сұрақтарына қатысты, Биржаның ішкі құжаттарын, сондай-ақ осы құжаттарға енгізілетін өзгертулер және/немесе толықтыруларды мақұлдау *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2014 жылдың 10 шідесіндегі шешімімен енгізілген)*;
    - 6) Биржалық кеңеске Биржалық кеңестің және оның комитеттерінің мүшелеріне сыйақы төлеу бойынша (Биржа акционерлерінің жалпы

жиналысының қарауына осындай сұрақтарды ұсыну үшін) Биржалық кеңеске ұсыныстар дайындау *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2014 жылдың 10 шілдесіндегі шешімімен енгізілген)*.

- 7) Биржалық кеңестің қатысуын талап етпейтін, Биржа қызметкерлерін әлеуметтік қолдау туралы, Биржадағы корпоративтік басқару аясындағы мүдделер қайшылығын шешу туралы, лауазымды тұлғалардың және Биржа қызметкерлерінің іскерлік тәртіпті және іскерлік этиканы бұзушылықтары туралы, Биржаның қандай да бір тұлғаларға немесе Биржаның қандай да бір тұлғаларға негізгі қызметінің мәні шегінен тыс қолдау туралы (Биржа Басқармасы осындай сұрақтар бойынша шешім қабылдау бойынша өзіне жауапкершілік алуға мүмкін емес немесе мақсатты емес деп санаған жағдайда) сұрақтар бойынша нұсқамалық сипаттағы шешімдер қабылдау *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2014 жылдың 10 шілдесіндегі шешімімен енгізілген)*.
4. *(Осы тармақ Биржалық кеңестің 2014 жылдың 10 шілдесіндегі шешімімен алып тасталған)*.

**11 бап.**

**Қорытынды қағидалар**

1. Осы Қағида, Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмегенге дейін, қолданыста болады.
2. Осы Қағидада реттелу тәртібі анықталмаған сұрақтар, Қазақстан Республикасының заңнамасына, Биржаның Жарғысына, оның ішкі құжаттарына, сондай-ақ Биржаның органдары мен лауазымды тұлғаларының, тиісті тәртіпте және олардың құзіреттілігі шегінде қабылданған, шешімдеріне сәйкес реттеледі.